

“Күміс университет” бағдарламасы аясында өткен мәдени-танымдық кездесу

“Күміс университет” бағдарламасы аясында Актер шеберлігі және режиссура кафедрасының аға оқытушысы, театр режиссері Талғат Кубеков келген қонақтарға профессор, КСРО халық артисі, ҚР Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің шығармашылық жолы мен қазақ театр өнеріндегі орны туралы мазмұнды дәріс оқыды.

Кездесу барысында Асанәлі Әшімовтің актерлік шеберлігі, ұлттық театр өнерінің дамуына қосқан үлесі және оның сахналық мектебінің ерекшеліктері кеңінен сөз болды. Сонымен қатар, іс-шараның тәжірибелік бөлімінде Талғат Кубековтің жетекшілігімен дайындалған студенттердің “Шанель номер 5” спектаклі көрермен назарына ұсынылып, қойылым соңында режиссерлік шешімдер мен актерлік орындау ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Аталған кездесу қатысушылар үшін театр өнерінің көрнекті тұлғасының шығармашылық мұрасымен танысып, сахналық тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.



